

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төреліктің және аралық соттың қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі № 125-V Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6, 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжаттар; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжаттар; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжаттар; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 21, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 4, 37-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 13, 15-құжаттар; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 жылғы 25 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дербес деректер және оларды қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

9-баптың 1-тармағындағы «төрелік сот» деген сөздер «төрелік» деген сөзбен ауыстырылсын.

2. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 23,

335-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139-құжат; № 24, 153, 154, 156-құжаттар; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 21-22, 87-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 12, 72-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 15-16, 62, 63-құжаттар; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 15-16, 71, 73-құжаттар; № 17, 81, 83-құжаттар; № 23, 113, 115-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 11, 59-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 20-21, 119-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 19, 28-құжаттар; № 19, 145-құжат; № 20, 158-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 44-құжат; № 10, 77-құжат; № 14, 93-құжат; 2013 ж., № 2, 10, 13-құжаттар; 2013 жылғы 25 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дербес деректер және оларды қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

82-баптың екінші бөлігінің 1-1) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1) өз міндеттерін орындауға байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы

– төреші немесе аралық судья;».

3. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 18, 644-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 21-22, 281-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 10, 49-құжат; № 14, 109-құжат; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 5, 25-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 140-құжат; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 15-16, 62-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 127, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 3-4, 12-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 17-18, 111-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 151-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 28-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 23, 179-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 93-құжат; № 21-22, 124-құжат):

1) мазмұнындағы 25 және 414-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

«25-бап. Дауларды төреліктің немесе аралық соттың шешуіне беру»;

«414-бап. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың азаматтық іс жүргізуге әрекет қабілеттілігі»;

2) 24-баптың алтыншы бөлігіндегі «шетелдік азаматтар» деген сөздер «шетелдіктер» деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«25-бап. Дауларды төреліктің немесе аралық соттың шешуіне беру Соттың ведомстволық қарауына жататын, азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған дау тараптардың келісуі бойынша төреліктің немесе аралық соттың қарауына, бұған Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған кезде және осы Кодекстің 170-бабының 4) тармақшасына және 192-бабына сәйкес берілуі мүмкін.»;

4) 61-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сотта іс жүргізуге өкілеттіктер, қуыным арызға қол қоюды, медиация жүргізу туралы шарт жасасуды не істі төрелікке немесе аралық сотқа беруді, қуыным талаптарынан толық немесе ішінара бас тартуды және қуынымды мойындауды, қуыным нысанасын немесе негізін өзгертуді, бітімгершілік келісім жасасуды, өкілеттіктерді басқа адамға беруді (сенімді басқа біреуге аудару), соттың қаулысына шағым жасауды, сот қаулысын мәжбүрлеп орындатуды талап етуді, берілген мүлікті немесе ақшаны алуды қоспағанда, өкілге өкілдік берушінің атынан барлық іс жүргізу әрекеттерін жасауға құқық береді.»;

5) 79-баптың екінші бөлігінің 3-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1) өз міндеттерін орындауға байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы – төреші немесе аралық судья;»;

6) 153-баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасындағы «болса, бас тартады.» деген сөздер «болса;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) сол тараптар арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша төреліктің немесе аралық соттың қабылдаған шешімі болса және бұл жөнінде сотқа белгілі болса, бас тартады.»;

7) 154-баптың бірінші бөлігінде:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) осы немесе басқа бір соттың не төреліктің немесе аралық соттың іс жүргізуінде сол тараптар арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша іс болса;»;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, тараптар арасында заңға сәйкес осы дауды төреліктің немесе аралық соттың шешуіне беру туралы келісім жасалса;»;

8) 158-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Іске қатысатын адамдардың, төрелікте немесе аралық сотта талқылау тараптарының арызы бойынша сот қуынымды қамтамасыз ету үшін шаралар қолдана

алады. Егер мұндай шараларды қолданбау соттың шешімін орындатуды қиындатса немесе мүмкін етпейтін болса, қуынымды қамтамасыз етуге істің кез келген кезеңінде ж о л б е р і л е д і . » ;

9) 160-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«160-бап. Қуынымды қамтамасыз ету туралы арызды қарау Қуынымды қамтамасыз ету туралы арызды судья жауапкерге және іске қатысатын басқа да адамдарға, төрелікте немесе аралық сотта талқылау тараптарына хабарламастан, сотқа келіп түскен күні шешеді. Қуынымды қамтамасыз ету туралы арызды қарап, судья ұйғарым шығарады.»;

10) 162-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Іске қатысатын адамның, төрелікте немесе аралық сотта талқылау тараптарының арызы бойынша қуынымды қамтамасыз етудің бір түрін екінші түрімен ауыстыруға жол беріледі. Қуынымды қамтамасыз етудің бір түрін екінші түрімен ауыстыру туралы мәселені сот іске қатысатын адамдарға арызды қарау уақыты мен орны туралы хабарлай отырып шешеді, алайда олардың келмей қалуы осы мәселені мәні бойынша қарауға кедергі келтірмейді. Қуынымды қамтамасыз етудің бір түрін екінші түрімен ауыстыру туралы судья ұйғарым шығарады.»;

11) 170-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«4) тараптарға олардың дауды медиация тәртібімен шешу не осы дауды шешу үшін төрелікке немесе аралық сотқа жүгіну құқығын және мұндай әрекеттің салдарларын т ү с і н д і р е д і ; » ;

12) 185-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«185-бап. Іске қатысатын адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру Төрағалық етуші іске қатысатын адамдар мен өкілдерге олардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде тараптарға олардың дауды медиация тәртібімен шешу не осы дауды шешу үшін төрелікке немесе аралық сотқа жүгіну құқығын және мұндай әрекеттің салдарларын түсіндіреді.»;

13) 192-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«192-бап. Істі мәні бойынша қараудың басталуы Істі мәні бойынша қарау төрағалық етушінің қуынушы өз талаптарын қолдайтыны-қолдамайтыны, жауапкер қуынушының талаптарын мойындайтыны-мойындамайтыны және тараптар істі бітімгершілік келісіммен аяқтауды немесе істі төрелікке немесе аралық сотқа қарауға беруді не дауды медиация тәртібімен шешуді қалайтыны-қаламайтыны туралы мәселелерді анықтауынан б а с т а л а д ы . » ;

14) 241-1-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Егер аралық соттың шешімі онда белгіленген мерзімде ерікті түрде орындалмаған жағдайда, аралық соттың шешімі пайдасына шығарылған аралық сотта талқылау тарапы (өндіріп алушы) аралық соттың шешімін мәжбүрлеп орындату туралы

арызбен аралық сот дауды қараған жердегі не борышкердің тұрғылықты жеріндегі немесе заңды тұлғаның органы орналасқан жердегі, егер тұрғылықты жері немесе орналасқан жері белгісіз болса, онда борышкердің мүлкі орналасқан жердегі сотқа жүгінуге қ ұ қ ы л ы . » ;

15) 247-бап мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) сол тараптар арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша төреліктің немесе аралық соттың қабылдаған шешімі болса;»;

16) 248-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Кодекстің 247-бабының 1), 2) және 2-1) тармақшаларында көзделген негіздерде іс бойынша іс жүргізуді тоқтата отырып, сот ұйғарымда мемлекеттік бажды қайтару туралы және қуынымды қамтамасыз ету жөнінде қолданылған шаралар күшінің жойылғандығы туралы көрсетеді.»;

17) 249-баптың 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«4) осы немесе басқа бір соттың не төреліктің немесе аралық соттың іс жүргізуінде сол тараптар арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша бұрын қозғалған іс болса;

5) егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, тараптар арасында заңға сәйкес осы дауды төреліктің немесе аралық соттың шешуіне беру туралы келісім жасалса;»;

18) 312-4-баптың екінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

« 1) м ы н а л а р д ы ң :

қайта құрылымдау көзделетін міндеттемелер бойынша талаптарды қанағаттандыру туралы соттардың, төреліктің және аралық соттардың бұрын қабылдаған шешімдерінің;

қайта құрылымдауды жүргізу туралы соттың шешімі күшіне енгенге дейін және қаржы ұйымын қайта құрылымдау кезеңінде мәлімделген, кредиторлардың алдында міндеттемелерді қайта құрылымдау көзделетін қаржы ұйымы кредиторлары талаптарының орындалуы тоқтатыла тұрады;»;

19) 312-6-баптың бірінші бөлігінің тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«Қайта құрылымдау жоспарында көзделген шаралар кешенін жүзеге асыру, орындалуына орай, қайта құрылымданған міндеттемелер бойынша талаптарды қанағаттандыру туралы соттардың, төреліктің және аралық соттардың бұрын қабылдаған шешімдері бойынша міндеттемелердің тоқтатылуына әкеп соғады.»;

20) 317-9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

« 3 1 7 - 9 - б а п . А р ы з б е р у

Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келетін ақпараты бар шетелдік бұқаралық ақпарат құралының өнімін заңсыз деп тану туралы арызды шетелдік бұқаралық ақпарат құралының өнімінде заңды мүдделері қозғалған азаматтар және заңды тұлғалар,

прокурор немесе уәкілетті орган арыз берушінің орналасқан жері бойынша береді.»;

21) 331-1 және 331-2-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

« 3 3 1 - 1 - б а п . А р ы з б е р у

1. Аралық соттың шешіміне шағым жасау туралы арызды аралық сотта талқылау тараптары, іске қатысуға тартылмаған, бірақ құқықтары мен міндеттеріне қатысты аралық сот заңда көзделген негіздер бойынша шешім қабылдаған үшінші тұлғалар аралық сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап отыз күн ішінде бере алады.

2. Аралық соттың шешіміне шағым жасау туралы арыз аралық сот дауды қараған ж е р д е г і с о т қ а б е р і л е д і .

3. Егер шешімге шағым жасау үшін осы баптың бірінші бөлігінде белгіленген мерзім аяқталса және осы Кодекске сәйкес оны қалпына келтіруге негіздер болмаса, с у д ь я а р ы з д ы қ а й т а р а д ы .

3 3 1 - 2 - б а п . А р ы з д ы қ а р а у

1. Сот аралық соттың шешіміне шағым жасау туралы арызды осы Кодексте көзделген қағидалар бойынша іс қозғалған кезден бастап он күн ішінде қарайды.

Судьяның үшінші тұлға шағым берген кезде қосымша дәлелдемелер беру қажет болған жағдайда, іс бойынша іс жүргізуді отыз күнге дейінгі мерзімге ұзартуға құқығы б а р .

2. Сот аралық сотта талқылау тараптарына, сондай-ақ үшінші тұлғалар аралық соттың шешіміне шағым берген жағдайда үшінші тұлғаларға сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарлайды. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған аталған тұлғалардың келмей қалуы істі қарауға кедергі болып табылмайды .

3. Сот істі қараған кезде мәлімделген талаптар мен қарсылықтарға негіздеме ретінде сотқа ұсынылған дәлелдемелерді зерттеу арқылы аралық сот шешімінің күшін жою үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздердің бар немесе жоқ е к е н д і г і н а н ы қ т а й д ы .

4. Сот аралық соттың шешіміне шағым жасау туралы арызды қарау нәтижелері бойынша аралық сот шешімінің күшін жою не арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығара алады. Мүдделі тұлғалар соттың ұйғарымына шағым жасауы м ү м к і н . » ;

22) 413-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік және халықаралық ұйымдардың (бұдан әрі – шетелдік тұлғалар) өздерінің бұзылған немесе даулы болып отырған құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының соттарына жүгінуге құқығы бар.»;

23) 414-баптың тақырыбындағы және бірінші бөлігіндегі «Шетелдік азаматтар», « белгіленеді» деген сөздер тиісінше «Шетелдіктер», «айқындалады» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

24) 417-баптың бірінші бөлігінің 3) тармақшасындағы «қазақстандық азаматтардың шетелдік азаматтарымен» деген сөздер «Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдіктермен» деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 425-1-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Егер төреліктің шешімі онда белгіленген мерзімде ерікті түрде орындалмаған жағдайда, төреліктің шешімі пайдасына шығарылған төрелікте талқылау тарапы (өндіріп алушы) төреліктің шешімін мәжбүрлеп орындату туралы арызбен төрелік дауды қараған жердегі не борышкердің тұрғылықты жеріндегі немесе заңды тұлғаның органы орналасқан жердегі, егер тұрғылықты жері немесе орналасқан жері белгісіз болса, онда борышкердің мүлкі орналасқан жердегі сотқа жүгінуге құқылы.»;

2 6) 4 2 6 - б а п т а :

2) тармақшадағы «қазақстандық және шетелдік азаматтар» деген сөздер «Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдіктер» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы «қазақстандық азаматтар» деген сөздер «Қазақстан Республикасының азаматтары» деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 426-1 және 426-2-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«426-1-бап. Өтінішхат беру

1. Төрелік шешімінің күшін жою туралы өтінішхатты төрелікте талқылау тараптары , іске қатысуға тартылмаған, бірақ құқықтары мен міндеттеріне қатысты төрелік шешім қабылдаған үшінші тұлғалар төрелік шешімнің көшірмесін алған күннен бастап үш ай і ш і н д е б е р е а л а д ы .

2. Төреліктің шешіміне шағым жасау туралы өтінішхат төрелік дауды қараған ж е р д е г і с о т қ а б е р і л е д і .

3. Егер шешімге шағым жасау үшін осы баптың бірінші бөлігінде белгіленген мерзім аяқталса және осы Кодекске сәйкес оны қалпына келтіруге негіздер болмаса, с у д ь я ө т і н і ш х а т т ы қ а й т а р а д ы .

4 2 6 - 2 - б а п . Ө т і н і ш х а т т ы қ а р а у

1. Сот төреліктің шешіміне шағым жасау туралы өтінішхатты осы Кодексте көзделген қағидалар бойынша іс қозғалған кезден бастап он күн ішінде қарайды.

Судьяның үшінші тұлға шағым берген кезде қосымша дәлелдемелер беру қажет болған жағдайда, іс бойынша іс жүргізуді отыз күнге дейінгі мерзімге ұзартуға құқығы б а р .

2. Төрелікте талқылау тараптарының біреуінің өтінішхаты бойынша істі сот талқылауына дайындаған кезде судья дәлелдемелерді талап ету үшін осы Кодексте көзделген қағидалар бойынша төреліктен не бірінші сатыдағы тиісті соттан і с м а т е р и а л д а р ы н т а л а п е т е а л а д ы .

3. Сот төрелікте талқылау тараптарына, сондай-ақ үшінші тұлғалар төреліктің шешіміне шағым берген жағдайда үшінші тұлғаларға сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарлайды. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде

хабарланған аталған тұлғалардың келмей қалуы істі қарауға кедергі болып табылмайды

4. Сот істі қараған кезде төрелік шешімінің күшін жою үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздердің бар немесе жоқ екендігін анықтайды.

5. Сот төреліктің шешіміне шағым жасау туралы өтінішхатты қарау нәтижелері бойынша төрелік шешімінің күшін жою не өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығара алады. Мүдделі тұлғалар соттың ұйғарымына шағым жасауы мүмкін.»

4. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 7, 10-құжаттар; № 3, 15-құжат; № 4, 21-құжат):

1) 534-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) сотқа берілетін қуыным арыздардан, ерекше қуыныммен іс жүргізу арыздарынан, ерекше іс жүргізу істері бойынша арыздардан (шағымдардан), сот бұйрығын шығару туралы арыздардан, атқарушылық парақтың телнұсқасын беру туралы арыздардан, төреліктің, аралық соттың және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға арналған атқарушылық парақтарды беру туралы арыздардан, сот актілерінің, атқарушылық парақтардың және өзге де құжаттардың көшірмелерін қайтадан беру туралы арыздардан;»;

2) 535-баптың 1-тармағында:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сотқа берілетін қуыным арыздардан, ерекше қуыныммен іс жүргізу арыздарынан, ерекше іс жүргізу істері бойынша арыздардан (шағымдардан), сот бұйрығын шығару туралы арыздардан, атқарушылық парақтың телнұсқасын беру туралы арыздардан, төреліктің, аралық соттың және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға арналған атқарушылық парақтарды беру туралы арыздардан, сот актілерінің, атқарушылық парақтардың және өзге де құжаттардың көшірмелерін

қайтадан беру туралы арыздардан мемлекеттік баж мынадай мөлшерде алынады:»;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) аралық сот шешімдеріне шағым жасау туралы арыздардан, төрелік шешімдердің күшін жою туралы өтінішхаттардан Қазақстан Республикасының сотына мүліктік емес сипаттағы қуыным арыз берілген кезде алынатын мемлекеттік баж мөлшерінен, ал мүліктік сипаттағы даулар бойынша – Қазақстан Республикасының сотына мүліктік сипаттағы қуыным арыз берілген кезде алынатын және арыз беруші даулап отырған сомаға негізделіп есептелген мемлекеттік баж мөлшерінен – 50 пайыз;»;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) атқарушылық парақтың телнұсқасын беру туралы арыздардан, төреліктің, аралық соттың және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға арналған атқарушылық парақтарын беру туралы арыздардан – 500 пайыз;»;

3) 548-баптың 1-тармағының 1-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1) іс төрелікке немесе аралық сотқа берілген;».

5. «Кәсіптік одақтар туралы» 1993 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., № 8, 200-құжат; 1995 ж., № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат):

10-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «сотта, төрелік сотта» деген сөздер «медиация жүргізу кезінде, сотта, төрелікте немесе аралық сотта» деген сөздермен ауыстырылсын.

6. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат):

59-3-баптың 13-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Қайта құрылымдау жоспарында көзделген шаралар кешенін жүзеге асыруға байланысты банкті қайта құрылымдау тоқтатылған жағдайда, қайта құрылымдау жоспарына енгізілген банк міндеттемелері орындалды деп есептеледі, соттардың, төреліктің және аралық соттардың осындай міндеттемелер жөніндегі шешімдері бойынша атқарушылық іс жүргізу тоқтатылады.».

7. «Адвокаттық қызмет туралы» 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 22, 328-құжат; 2001 ж., № 15-16, 236-құжат; 2003 ж., № 11, 65-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 130-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 23, 179-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 6, 44-құжат; № 10, 77-құжат):

4-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) медиация жүргізу кезінде, төрелікте, аралық сотта және дауларды шешетін өзге де органдарда істерді талқылауға сенім білдірушінің өкілі ретінде қатысады;».

8. «Аралық соттар туралы» 2004 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 24, 151-құжат; 2009 ж., № 9-10, 47-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; 2012 ж., № 6, 43-құжат; № 14, 93-құжат):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

Осы Заң, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, жеке және (немесе) заңды тұлғалар арасында азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған дауларға қатысты қолданылады.»;

2) 2 - б а п т а :

1) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) аралық келісім – тараптардың азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған немесе туындауы мүмкін дауды аралық соттың қарауына беру туралы жазбаша келісімі ; » ;

«3) аралық сотта талқылау – аралық сотта дауды қарау және аралық соттың шешім қ а б ы л д а у п р о ц е с і ; » ;

мынадай мазмұндағы 3-1) және 5-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«3-1) аралық сотта талқылау тараптары – араларында аралық келісім жасасылған қ у ы н у ш ы м е н ж а у а п к е р ; » ;

«5-1) Қазақстан Республикасының жария тәртібі – Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде бекітілген мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың негіздері;»;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) құзыретті сот – тараптар арасында азаматтық-құқықтық қатынастардан туындайтын даулар туралы істерді Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес бірінші сатыда қарауға уәкілеттік берілген Қазақстан

Республикасы сот жүйесінің соты;»;
3) 5 - б а п т а :

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Нақты дауды қарауға арналған аралық сотты тараптар өздерінің азаматтық-құқықтық қатынастарынан туындаған дауды шешу үшін құрады және ол осы дау шешілгенге дейін немесе тараптар дауды құзыретті сотқа беру туралы шешім қабылдағанға дейін әрекет етеді.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасында аралық соттар мемлекеттік органдардың, мемлекеттік кәсіпорындардың жанынан құрыла алмайды, сондай-ақ оларды табиғи монополиялар субъектілері және тауарлар мен көрсетілетін қызметтер нарығында үстем жағдайға ие субъектілер құра алмайды.»;

4) 7 - б а п т а :

3 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

5-тармақтағы «әрекетке қабілетсіз» деген сөздер «әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Аралық сот мүліктік қатынастарға байланысты емес, адамның өмірі мен денсаулығына, жеке өміріне қол сұғылмаушылыққа, жеке және отбасы құпиясына, атын алу құқығына байланысты жеке мүліктік емес қатынастардан туындайтын дауларды қарауға құқылы емес.»;

5) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

«7-1-бап. Аралық келісім және құзыретті сотта даудың мәні бойынша қуыным беру

1. Аралық сотта талқылау нысанасы бойынша қуыным берілген құзыретті сот, егер тараптардың кез келгені даудың мәні бойынша өзінің алғашқы өтінішін беруден кешіктірмей бұл туралы өтініш білдірсе, егер аралық келісімді жарамсыз, күші жойылған немесе орындала алмайды деп таппаса, тараптарды аралық сотқа жіберуге т и і с .

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген қуынымды құзыретті сотқа беру, құзыретті сот аралық сотта талқылау нысанасының өзінде қаралуға жататындығы туралы мәселені қарағанша, басталуы немесе жалғастырылуы және аралық шешім шығарылуы мүмкін аралық сотта талқылауды шектемейді.»;

6) 11-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қажетті білімге ие, жоғары білімі және мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар, жиырма бес жасқа толған және аралық судьяның міндеттерін орындауға келісім берген, тараптардан тәуелсіз және істің нәтижесіне мүдделі емес жеке тұлға аралық судья болып сайлануы (тағайындалуы) мүмкін.»;

7) мынадай мазмұндағы 13-1-баппен толықтырылсын:

«13-1-бап. Тұрақты жұмыс істейтін аралық сот қызметінің шарттары

Тұрақты жұмыс істейтін аралық сот өзінің аралық судьяларының тізілімін жүргізеді. Заңды мекенжайын және регламентін қоса алғанда, тұрақты жұмыс істейтін аралық сот туралы ақпарат, сондай-ақ аралық судьялар тізілімі жеке және заңды тұлғалардың еркін танысуы үшін бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде интернет-ресурстарда да орналастырылады. Аралық соттың шешімдері туралы ақпарат дау тараптарының келісімі болған кезде орналастырылады.

Аралық судьялар тізілімі аралық судьяның тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде), жұмыс орны, лауазымы мен жұмыс кезеңі көрсетіле отырып, жұмыс тәжірибесін, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағын (болған кезде), қараған істерінің с а н ы н қ а м т у ғ а т и і с . » ;

8) 4 4 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Аралық сотта талқылау тараптары не құқықтары мен міндеттері қозғалған үшінші тұлғалар аралық сот шешіміне Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен құзыретті сотқа шағым жасауы мүмкін.»;

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Аралық сот шешіміне, егер аралық сот шешімінің күшін жою туралы арыз берген аралық сотта талқылау тарапы не құқықтары мен міндеттері қозғалған тұлға.».

9. «Халықаралық коммерциялық төрелік туралы» 2004 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 24, 152-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат):

1) тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Халықаралық төрелік туралы»;

2) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық төреліктің қызметі процесінде туындайтын қатынастарды, сондай-ақ халықаралық төрелік шешімдерін Қазақстанда тану және орындау тәртібі мен шарттарын реттейді.»;

3) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

« 1 - б а п . Қ о л д а н ы л у а я с ы

Осы Заң, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған, халықаралық төрелік шешетін дауларға қатысты қ о л д а н ы л а д ы . » ;

4) 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Қазақстан Республикасының жария тәртібі – Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде бекітілген мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың негіздері;

2) құзыретті сот – азаматтық-құқықтық қатынастардан туындайтын даулар туралы

істерді Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес бірінші сатыда қарауға уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы сот жүйесінің соты;

3) төрелік – нақты дауды қарау үшін арнайы құрылған халықаралық төрелік немесе тұрақты жұмыс істейтін төрелік не дауды жеке-дара қарайтын төреші;

4) төрелік келісім – тараптардың азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған немесе туындауы мүмкін дауды төреліктің қарауына беру туралы жазбаша келісімі, бұл шартта төрелік ескертпе түрінде немесе субъектілерді және олардың ерік білдіруінің мазмұнын айқындайтын хаттар, жеделхаттар, телефонограммалар, телетайпограммалар, факстар, электрондық құжаттар немесе өзге де құжаттар алмасу арқылы жасалуы мүмкін;

5) төрелікте талқылау – төрелік шешім шығарумен дауды төрелікте қарау процесі;

6) төрелікте талқылау тараптары – араларында төрелік келісім жасасылған қуынушы мен жауапкер;

7) төреліктің регламенті – тұрақты жұмыс істейтін халықаралық төрелік қызметін ұйымдастыру тәртібі;

8) төрелік шешім – төрелік шығарған шешім;

9) төреші – дауды төрелікте шешу үшін осы Заңға сәйкес тараптар сайлаған немесе тараптармен келісілген тәртіппен тағайындалған жеке тұлға;

10) іскерлік айналымының әдет-ғұрыптары – қандай да бір құжатта тіркелгеніне-тіркелмегеніне қарамастан, қолданылатын құқыққа қайшы келмейтін, азаматтық-құқықтық шарттар саласында қалыптасқан және кеңінен қолданылатын мінез-құлық қағидалары.»;

5) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«3-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық төрелік туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының халықаралық төрелік туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.»;

6) 6 - б а п т а :

2 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тараптар төрелік келісімді қандай да бір нақты азаматтық-құқықтық қатынас бойынша тараптар арасында туындаған немесе туындауы мүмкін дауларға қатысты жасасуы мүмкін.»;

«4. Егер тараптардың ең болмағанда біреуі Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылса, азаматтық-құқықтық қатынастардан туындайтын, жеке және (немесе) заңды тұлғалар арасындағы даулар тараптардың келісімі бойынша төрелікке берілуі мүмкін.»;

7-тармақтағы «әрекетке қабілетсіз» деген сөздер «әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі» деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

«8. Төрелік мүліктік қатынастарға байланысты емес, адамның өмірі мен денсаулығына, жеке өміріне қол сұғылмаушылыққа, жеке және отбасы құпиясына, атын алу құқығына байланысты жеке мүліктік емес қатынастардан туындайтын дауларды қарауға құқылы емес.»;

7) 9-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«9-1-бап. Тұрақты жұмыс істейтін төрелік қызметінің шарттары

Тұрақты жұмыс істейтін төрелік өзінің төрешілерінің тізілімін жүргізеді. Заңды мекенжайын және регламентін қоса алғанда, тұрақты жұмыс істейтін төрелік туралы ақпарат, сондай-ақ төрешілердің тізілімі жеке және заңды тұлғалардың еркін танысуы үшін бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде интернет-ресурстарда да орналастырылады. Төреліктің шешімдері туралы ақпарат дау тараптарының келісімі болған кезде орналастырылады.

Төрешілердің тізілімі төрешінің тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде), жұмыс орны, лауазымы мен жұмыс кезеңі көрсетіле отырып, жұмыс тәжірибесін, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағын (болған кезде), қараған істерінің санын қамтуға тиіс.»;

8) 29-баптың 2-тармағының алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«төрелікте талқылау тарапы болып табылатын заңды тұлға таратылған.»;

9) 31-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Төрелікте талқылау тараптары не құқықтары мен міндеттері қозғалған үшінші тұлғалар төреліктің шешіміне Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен құзыретті сотқа шағым жасауы мүмкін.».

10. «Концессиялар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 14, 88-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 7, 29-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 20, 151-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 15-құжаттар):

27-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Егер шартты орындауға және тоқтатуға байланысты даулардың осы баптың 1-тармағына сәйкес шешілуі мүмкін болмаса, онда тараптар дауды Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сот тәртібімен, сондай-ақ «Халықаралық төрелік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықаралық төрелікке жүгіну арқылы шешуге құқылы.».

11. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 135-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 87-құжат; № 21, 97-құжат; № 24, 128-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 9-10, 47, 49-құжаттар; № 15-16, 74-құжат; № 17, 78, 82-құжаттар; № 24, 129, 133-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-

құжаттар; № 15, 71-құжат; № 17-18, 108-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 2, 26-құжат; № 4, 37-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161, 171-құжаттар; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 22-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 12, 83-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 94-құжаттар; № 15, 97-құжат; ; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат):

4-баптың 1-тармағының 34) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«34) халықаралық төрелікте немесе халықаралық коммерциялық төрелікте және шетелдік сот органдарында мемлекеттің не тапсырыс берушілердің мүдделерін қорғау мен білдіру жөніндегі консультациялық және заң қызметтерін сатып алу;».

12. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 7, 27-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат):

1 1 - б а п т а :

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) төреліктің немесе аралық соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы соттың ұйғарымы негізінде берілетін атқарушылық парақтар – үш жыл ішінде;»;

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) төреліктің немесе аралық соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы соттың ұйғарымы негізінде берілген атқарушылық парақтарды орындау кезінде – шешім күшіне енгеннен кейінгі күннен бастап;».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н.НАЗАРБАЕВ